

Мәлімет

Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім мектебінде Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 35 толуына орай іс- шаралар жоспары бекітілді. Жоспарға сәйкес кітапханада кітап көрмесі мен бұрыштар ұйымдастырылды. 13 ақпан күні «**Ерлікке тағзым**» атты Ауған соғысының ардагерлерімен кездесу кеші өткізілді. Аталған шараға Ауған соғысының ардагерлері Омарбекұлы Бекалы, Шаймерденов Пернебек, Керімбеков Серік және де І.Кеңесбаев атындағы жалпы білім беретін мектебінің АӘД жетекшісі Нұрлыбеков Орынбек мырзалар қатысты. Оқушылар концерттік бағдарлама мен әскери өнерлерін көрсетті. Кеш соңында оқушылар ардагерлерімізге соғыстың қиындығы мен қазіргі бейбіт өмір жайында сұрақтар қойып, әсерлі әңгімелер айтылды. Іс-шаралардың мақсаты: Оқушыларды Тәуелсіздік жолында күрескен ағаларымыздың ерлігін кейінгі ұрпаққа үлгі ете отырып, Отанын сүюге, ерлікке баулу.



Мектеп директоры

А.Алшынбеков

Орындаған Тәлімгер:
Г.Кенжебекова

Мәлімет

Созақ ауданының білім бөлімінің 2024 жылдың 8 ақпандағы №41-14/194 хатын басшылыққа ала отырып, Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектебінде 1 наурыз – Алғыс айту күніне орай іс-шаралар жоспары бекітілді. Іс-шаралар жоспарына сәйкес «Қайырымдылық керуені» акциясы аясында «Қоржын» тақырыбымен 22 ақпан күні қайырымдылық жәрсеңкесі ұйымдастырылды. Сондай-ақ «Алғыс айту- парызым» тақырыбында мектеп оқушылар арасында эссе жазу байқауы өткізілді. 29 ақпан күні қазақтың ұлттық ойындарынан (асық ату, тоғызқұмалақ т.б) түрлі спорттық сайыстар өткізілді. Іс-шаралар жоспарына сәйкес «Тарих ғибраты» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Мектеп фойесінде «Отаным, саған мың алғыс!» тақырыбы аясында 1 минуттық жаппай челлендж ұйымдастырылды. 1 наурыз күні «Халықтың алғысы – Ұлы марапат» тақырыбында мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шаралардың мақсаты: «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында жалпыадамзаттық құндылықтарға, адал азамат ретінде отансүйгіштікке, адми қасиетке және еңбекқорлыққа өскелең ұрпақты баулитын өнегелі, игі істердің үлгісін насихаттауға, мейіріммен алғыс білдіруге бағытталды.



Мектеп директоры

А.Алшынбеков

Орындаған Тәлімгер:

Г.Кенжебекова

Мәлімет

Созақ ауданының білім бөлімінің 2024 жылдың 8 ақпандағы №41-14/194 хатын басшылыққа ала отырып, Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектебінде 1 наурыз – Алғыс айту күніне орай 1 наурыз күні «Тарих ғибраты» тақырыбында оқушылар арасында дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелдің мақсаты: Ұстаздарымыз шәкірттерге тарих тағылымынан сыр шертіп, сан мыңдаған ғасырларға толы оқиғаларды баяндап шәкірттердің ой –кеңістіктерін арттыруға ықпал жасады. Тамыры терең тарих қойнауынан шәкірттерімізде байыппен барлық, ақпаратқа құлақ салып өздерінің білгендерімен де бөлісті. Өткенімізден ғибрат алып, дәл осы егемендіктің қандай маңдай термен келгендігін сезіну.



Мектеп директоры

А.Алшынбеков

Орындаған Тәлімгер:
Г.Кенжебекова

Мәлімет

Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектебінде 8 наурыз- Халықаралық әйелдер күніне орай «Ана- өмірдің гүлі» атты сыныптар арасында мерекелік тәрбие сағаттары өтті. Тәрбие сағаттарының мақсаты: Оқушыларға әлемнің жарығын сыйлаған аналар мерекесі туралы түсінік беру. Мейірімділікке, сый- құрметке тәрбиелеу, ұлтқа тән қасиеттерді қалыптастыру. Анаға деген мейірімді, сүйіспеншілікті арттыру.



Мектеп директоры

А.Алшынбеков

Орындаған Тәлімгер:
Г.Кенжебекова

Мәлімет

Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектебінде «9 айға 9 шара» айдары аясында ұлттық ойын «Асық ату» 1 -4 сыныптар аралығында алаңға асық ату ұйымдастырылды. Мақсаты: берілген тапсырмаларды зейін қойып орындауға үйрету. Ойын арқылы балалардың қимыл іс-әрекетін дамыту. Балаларды ептілікке, мергендікке тәрбиелеу.



Мектеп директоры

А.Алшынбеков

Орындаған Тәлімгер:
Г.Кенжебекова

Мәлімет

Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектебінде 20 наурыз күні «Армысың, өз-Наурыз» атты концерттік бағдарлама өтті. Мақсаты: «Наурыз» мейрамы туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт-дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу. Наурыз мерекесін ұлттық салт- дәстүрімізбен, әдет-ғұрпымызбен байланыстыра насихаттап, ұрпақтардың өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру.

Мәлімет

Созақ ауданының білім бөлімінің 08.04.2024 жылғы № 41 -14/577 хатын басшылыққа ала отырып, «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» шеңберінде жүргізілетін экологиялық білім мен тәрбиеге қатысты іс- шаралары бойынша Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектебінде 2023-2024 оқу жылында оқушылар мектеп ауласына көшеттер отырғызды. Мақсаты: Табиғатты аялауға шақыру, мектеп ауласындағы ағаштарды қалпына келтіру және сақтау, мектеп айналасын бірлесіп көгалдандыру.



Сондай- ақ оқушылар өз қолдарымен ағаштан құс ұяларын жасап, мектеп маңындағы ағаштарға орналастырды. Іс-шараның мақсаты: Халықтың экологиялық мәдениетін қалыптастыру. Құстарға қамқор болуға, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.



Мектеп парламентінің «Экология және еңбек» фракциясының ұйымдастыруымен 5 желтоқсан Халықаралық «Еріктілер күніне» орай мектеп ауласын қоқыс қалдықтарынан тазарту жұмыстарын ұйымдастырды. Арық іші қураған жапырақтардан тазартылып, өртелді. Мектеп ауласын қоқыстан тазартып, ағаштарын түптеді. Бұл шараның мақсаты: Мектеп көркіне көрік қосу, тазалығы мен экологиялық жағдайын жақсарту.



Мектеп директоры

А.Алшынбеков

Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектебінде «7 мамыр – Отан қорғаушылар» күніне орай, мектебіміздің алғашқы әскери дайындық жетекшісі А.Шоңғараевтың ұйымдастыруымен жоғары сынып оқушылары арасында саптық әскери шеруі өтті. Мақсаты: Оқушыларға Ұлы Отанды сүюге, ерлік көрсеткен батырлардың бойындағы ержүректілік, отан сүйгіштік, ұлтжандылық қасиеттерін дәріптеу. Отанын, елін қорғай білуге тәрбиелеу.

Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектебінде 1-7-9 мамыр мереке күндері кәмелетке толмаған балалардың түрлі оқыс оқиғалар мен құқықбұзушылықтарға қарсы және де қылмыс көп орын алатын аумақтар мен ойын- сауық орталықтарында бақылауды күшейту бойынша мұғалімдерден кезекшілік ұйымдастырылды. Жүргізілген кезекшілік мақсаты: түнгі мезгілде ойын-сауық мекемелерінде, тұрғын жайдан тыс жерлерде ата-аналарының қарауынсыз жүрген кәмелетке толмағандарды анықтау. Рейд жүргізу барысында ешқандай кәмелетке толмаған балалар анықталған жоқ және тәртіп бұзушылық болған жоқ.

Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектебінде 6 мамыр күні Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында «Түлектердің ағаш отырғызуы» республикалық эко-челленджи өтті. Мақсаты: Экологиялық мәдениетті қалыптастыра отырып, отансүйгіштікке, табиғатты қорғауға, халықтың қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру.

Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектебінде 23 мамыр күні барлық сыныптар аралығында «С.Нұрмағамбетов – халық үшін туылған батыр» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағатында оқушыларға батырымыздың өмірбаяны, ұмытылмас батырлығы, қазақ халқына сіңірген еңбегі туралы ақпарат берілді. Дүниеден өткенше әскери салаға өмірін арнаған ұлт мақтанышы- Нұрмағамбетов Сағадат Қожахметұлы мәңгідік ел есінде.

Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектебінде 24 мамыр күні «Білімім-Отаныма» атты 1-11 сыныптар бойынша бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. Сынып жетекшілер сынып сағаттарын Әнұранмен бастап, балалардың жыл бойы білім жетістіктері мен қоғамдық белсенділіктеріне тоқталды. Сынып сағаттарының мақсаты: Оқушыларды Отанды сүюге, құрметтеп қастерлеуге, өз елін, тегін, тарихын білуге тәрбиелеу.

Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектебінде 25 мамыр күні «Мектебім, саған мың алғыс» атты соңғы қоңырау салтанатты жиыны өтті. 2023-2024 оқу жылының қорытындысында өткізілген мектеп бітірушілер іс-шарасының мақсаты: оқушылардың ұстаздарды құрметтеуге, ұшқан ұясына қамқор болуға, алған білімдерін пайдалана алуына, әрбір істің нәтижесін қорытындылай білуге, адал азамат болуға тәрбиелеу. Іс-шара барысында жас түлектерге мектеп басшысы А.Алшынбеков, қадірлі қонақтар, ата-аналар және сынып жетекшілер жақсы тілектерін айтып ақ жол тіледі.